

Сабақтың тақырыбы: Нұрғиса Тілендиев.

Мақсаты: Нұрғиса Тілендиевтің өмірі мен шығармашылық жолымен танысу. "Әлқисса" күйін тыңдау. Өткен «Саржайлау» әнін қайталау, «Әке туралы жыр» әнімен танысу. Сазгердің қалаған әндерін айту.



Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру.

Үй тапсырмасын тексеру.

Ой ашар (жаңа тақырып)

Ой толғаныс (музыка тыңдау)

Ән айту.

Ой қозғау.

Сабақты қорытындылау.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

- 1. Романс дегеніміз не?*
 - Ән-романс жанрына кімдер үлес қосты?*
 - Латиф Хамиди кім?*
 - "Саржайлау" әні.*

Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы (1925-1998)

Атадан мұра



1982 жылы «Отырар сазы»
оркестрін құрып, жетекші-
лік етті,
«Қазақфильм» кино-
студиясында бас
редактор болды

әйгілі күйші композитор,
дирижер, дәулескер домбырашы

Алматы облысының
Іле ауданында туған

Күйлері: «Әлқисса», «Ата толғауы»,
«Фараби сазы», «Көш керуені»,
«Махамбет», «Аққу», «Аңсау»,

**Нұрғиса
Тілендиев**

(1925-1998)

Әндері: «Ақ құсым»,
«Саржайлау», «Алатау»,
«Өз елім», «Әке туралы жыр»

III. Ой ашар (жаңа тақырып)



- **Тілендиев Нұрғиса Атабайұлы (1925-1998)** - дирижер, композитор, домбырашы, ССРО және ҚазССР-нің халық артисі, ҚазССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, ҚазССР-нің Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. П. И. Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясының дирижерлік факультетін (профессор Н. П. Аносовтың класы) бітірген. 1981 жылы "Отырар сазы" қазақтың мемлекеттік фольклорлық - этнографиялық оркестрін құрып, өмірінің соңына дейін соған жетекшілік етті. Тілендиев - "Алтын таулар" (Қ. Қожамияровпен бірлесіп) операсының, "Достық жолымен" (Л. Степановпен бірлесіп) балетінің, "Ата толғау", "Аққу" оркестрлік поэмасының, 40 шақты ән мен романстардың авторы. Тілендиев 100 спектакльге, көркемдік құжатты және мультипликациялық фильмдерге музыка жазды. Тілендиев шығармаларынан қазақтың халық музыкасына тән әуезділік, лиризм, азаматтық пафос пен динамизм ерекше үндестік тапқан.

Отырар сазы - Қазақтың мемлекеттік халықтық музыкалық аспаптарының фольклорлық этнографиялық оркестрі. 1980 жылы ансамбль ретінде қазақ филармониясының жанынан құрылған





Оркестрдің ұйымдастырушысы, көркемдік жетекшісі және бас дирижері КСРО-нің халық артисі **Н. А. Тілендиев**. 1982 жылдан оркестр "**Отырар сазы**" деп аталады. Музыкалық шығармалар ерте кезден белгілі қазақтың ұлттық аспаптарында орындалады, олар музыкатанушы, жинаушы **Б. Ш. Сарыбаевтың** зерттеулері арқылы қалыпқа келтірілген. Оркестрдің репертуарында: халық күйлері- "Кеңес", "Сары өзен", "Сал күрең", халық композиторларының шығармалары "Қосбасар", "Саржайлау", Тәттімбеттің "Сылқылдағы", "Ерденнің күйі", Ықыластың "Қамбар батыры", **М. Төлебаевтың** "Еске алуы", **Н. Тілендиевтің** "Ата толғау", "Қош керуені", **К. Күмісбековтың** "Қорқыт күйі", "Фараби сазы" және т. б. бар.

IV Ой толғаныс (музыка тыңдау)



« Әлқисса » (Нұрғиса Тілендиев)














V Ән айту



VI Ой қозғау.
Венн диаграммасы



IV. Қорытындылау



«Тілендиев жазған күйлер тыңдаушысын қуанта да алады, жұбата да біледі; толғандыра отырып ойландырады; әлдилей отырып әдемі әсерге бөлейді, онда атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік асыл қасиеттер, инабат иірімдері, мейірім мен рахым шапағаты жаныңды баурайды; ионда мұқалмас жігер, қанаттандырар қайрат, өрлік пен өжеттік, ұлттық рух, намыс бар; меніңше, Тілендиевтің күйлері бүгінгі тыңдаушысын қалай бейжай қалдырмаса, енді он, жиырма, жүз жылдан кейін де дәл бүгінгі құдірет күшін солай сақтайды; өйткені ол ықылым заманғы бабалар рухымен, арман – мақсатымен сабақтас».

- **Нұрсұлтан Назарбаев**



V. Үйге тапсырма

- Сазгердің шығармашылығы жайлы қосымша оқып келу, «Әке туралы жыр» әнінің 1-2 шумақтарын жаттау.

Сабақ аяқталды.

Сау болыңдар!